Әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік таным бірлігі қалыптасуындағы байланысты және өзара әрекетті дәрежелендіруге, оған үстірт қарауға болмайды. Біріншіден, әлеуметтік танымда өткенге шолу жасайтын талдауда және ақиқат фактілерді қорытындылағанда, сонымен қатар үлгіленген жаңа әлеуметтік тәжірибеде, жаңа заңдылықтарды болжау қабілетінде көрініс табатын өзіндік салыстырмалы дербестік болады. Екіншіден, әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік таным ортасында қолданбалы аралық зерттеулер тізбегі бар. Олардың есепке алынуы біртұтас таным мен қызмет үйлесімдігі үшін өте үлкен мәнге ие. Үшіншіден, әлеуметтік қызмет әлеуметтік танымның жаңа деңгейдегі сұраныстарымен есептесіп қайта құрылуы, өзгеруі керек.

Әлеуметтік жұмыстың аксиологиялық жағында құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі құндылықты бағыт-бағдар болып табылады. Мұндағы құндылықты бағыт-бағдар - стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғышарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі [6. 47 б.].

Әлеуметтік жұмыстың қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы әлеуметтік тұлға тұрақтылығын, олардың қа-

жеттері мен қызығулары бағдарында көрінген әрекет-қылық және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағыт тұлға әрекеттеріне себепші, реттеуші маңызды жағдаят ретінде іске қосылады. Құндылықты бағыт-бағдарлардың негізгі мазмұны - адамның саяси, философиялық, адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, қылық-әрекет, мінез принциптері. Осыдан, қай қоғамда да тұлғаның құндылықты бағыт-бағдары тәрбие және мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады. Олар арқылы еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады.

Әлеуметтік жұмыстың құндылықты бағдарының дамуы - әлеуметтік жұмыскердің кәсіби кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады: тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік.

Әлеуметтік жұмыскердің кәсіби дамуында құндылықты бағыттары арасындағы қайшы-

лықтар әрекет-қылық пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағыт-бағдардың мешеуленуі оның селқостығы мен енжарлығына себепші болады.

Бүгінгі күнде әлеуметтік жұмыс саласында әрқилы құндылықтар жүйесі қабылданған. Осы заманғы гуманистік әлеуметтік педагогика олардың арасында жалпы адамзаттық келесідей құндылықтарды аса маңыздылар қатарында алға тартады: әлеуметтік жұмыскердің құқығы, оны ең жоғары құндылық ретінде тану, кәсіби тұлғасы мен оның қадіріне құрмет; кәсіби еркіндігі мен даму құқығын қорғау; білім және кәсіби жетілуінде демократиялық принциптерді берік ұстануы.

Әлеуметтік жұмыскердің құқығы және еркі - жалпы кәсіби құндылық, себебі олар адамзаттың әлеуметтік мұң-мүдделерін танытады, әрқилы халық топтарын, ұстанымдары мен рухани мұраттарын жақындатады әрі өмірлік бейімділігін арттырады. Барша адами әлеуметтік-мәдени құқықтарын сыйлауға, бағалау мен қорғауға үйрену ұлттық және мемлекеттік ынтымақтың белгісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезінуі және қабылдау нышаны, әлеуметтік теңсіздікті болдырмау жолдары болып табылады.

Әдебиеттер

1. Теория и методика социальной работы. Ч.1,2 // Под ред. В.И. Жукова. - М., 1994.
2. Ярская В.Н. Философия социальной работы: вопросы преподавания // Социальная работа. - М., 1992. Вып. 5
3. Майзель И.А. Наука и проблема ценностей // Проблема ценностей в философии. -М. - Л.: Наука, 1966. С. 50-64.
4. Словарь по этике / Под. ред. И.С. Кона. - М., 1981. 337 с.
5. Дробницкий О.Г. Проблемы ценности и марксистская философия // Вопросы философии. - 1966. - №7.
6. Беребешкина З.А. Этика социального работника: Учебн. пособие. - М., 1995.

Резюме

В статье рассматриваются аксиологические аспекты социальной работы.

Summary

The article examines the axiological aspects of social work.



К.Ж. Нурпеисова,*ст. преподаватель, магистр экономики,***Р.К. Садвокасов, преподаватель***КазУЭФМТ*

О СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ И ИНТЕГРАЦИИ В ОБЩЕСТВО ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Рассматривается проблема социальной защиты лиц с ограниченными возможностями. В нашем государстве проводится широкомасштабная модернизация социальной защиты всех слоев населения.

Ключевые слова: социальная политика, социальное обеспечение, лица с ограниченными возможностями, адаптация, интеграция в общество, модернизация, права, гуманность, справедливость.

В Казахстане реализуется Национальный план действий по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов. Система собственности, социальная структура и экономический уклад общества сегодня направлены на заботу об интересах простого народа страны.

«Я веду вас к Обществу Всеобщего Труда, где безработные не будут просто получателями пособий, а будут осваивать новые профессии, где люди с ограниченными возможностями смогут активно заниматься созидательной деятельностью, а корпорации и компании - создавать им достойные условия для труда», - сказал Н.А. Назарбаев.

По данным ООН, сегодня каждый пятый человек в мире пытается выжить на один с четвертью доллар в день, т.е., по сути, голодает. Более одного миллиарда не имеют возможности пользоваться чистой водой. Около двух миллионов - умирают каждый день в результате опасных условий труда. За последние полтора десятка лет доход на душу населения снизился более чем в ста странах мира. Даже самые развитые государства с эффективными моделями социальной политики с трудом справляются с возросшей социальной нагрузкой.

Социального благоденствия сегодня нет нигде. Но это служит стимулом для совместного поиска решений, дает шанс странам «догоняющей» модернизации, синтезируя лучший опыт, пройти собственный путь. Поэтому в центре внимания нашего государства находятся вопросы усиления адресной помощи тем, кто в

этом нуждается; качественное реформирование всех секторов, связанных с развитием человеческого потенциала; непрерывный рост благосостояния всех казахстанцев на основе сильной экономики.

«Цель и смысл социальной модернизации состоит в том, - отметил Президент в своей программной статье «20 шагов к Обществу Всеобщего Труда» - чтобы подготовить общество к жизни в условиях новой индустриально-инновационной экономики, найти оптимальный баланс между форсированным экономическим развитием Казахстана и широким обеспечением общественных благ, утвердить социальные отношения, основанные на принципах права и справедливости».

Создание равных возможностей для всех граждан страны; установление минимальных социальных стандартов; дифференцированный подход к оказанию социальной помощи; солидарная ответственность государства, работодателей и граждан; экономический рост как основа эффективной социальной политики - таковы приоритеты обновленной социальной политики Казахстана.

Несомненно, государство - главный и «вечный двигатель» процесса социальной модернизации. Но истинную мощь этому двигателю придает социальное партнерство - деятельное взаимодействие государства, бизнеса, политических партий, НПО, масс-медиа и каждого казахстанца.

Ответственность социума за судьбу каж-

дого, соучастие в беде и радости, толерантность, действенная поддержка сильного и бескорыстная помощь нуждающемуся, почитание старших и забота о малых, - по этим канонам испокон веков жили наши предки. На этих вечных ценностях возводят сегодня здание своего будущего казахстанцы.

В нашей стране создана и модернизируется законодательная база, реализуется план мероприятий по обеспечению прав и улучшению жизни лиц с ограниченными возможностями. В настоящее время в стране проживают более 600 тыс. инвалидов, или более 3,5% от общей численности населения. Для обеспечения прав и улучшения качества жизни людей с ограниченными возможностями в Казахстане принят и реализуется ряд важных законов, которые направлены:

- на предупреждение риска потери трудоспособности населения;

- на социальное обеспечение и поддержку в случае наступления инвалидности, включая реабилитацию;

- на оказание специальных социальных услуг для лиц, находящихся в трудной жизненной ситуации.

Наряду с этим, Казахстан принял на себя обязательства по имплементации международных стандартов в отношении лиц с ограниченными возможностями, подписав Конвенцию и Факультативный протокол к Конвенции о правах инвалидов. Для реализации этих обязательств был принят План по улучшению качества жизни инвалидов на 2012-2018 гг. В его рамках проведен анализ соответствия действующего законодательства Положениям Конвенции. По итогам проведенной работы установлено, что существующие в стране гарантии социальных и экономических прав инвалидов в целом соответствуют положениям Конвенции.

С целью актуализации действующей законодательной базы подготовлен проект закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам социальной защиты инвалидов». В соответствии с ним предполагается внесение изменений и дополнений в более 30 нормативных правовых актов Республики Казахстан.

Реализация законодательно закрепленной модели работы с инвалидами включает в себя

комплекс мер. Основу этих мер составляет предупреждение риска наступления инвалидности. Круг вопросов и проблем, связанных с этим, включает в себя:

- укрепление национального здоровья и уменьшение распространения инвалидизирующих патологий;

- профилактику профессиональных заболеваний и предупреждение травматизма;

- мониторинг, прогнозирование и определение путей снижения инвалидности.

В части укрепления здоровья и снижения инвалидизирующих патологий:

- Усилена работа по своевременному выявлению патологии у детей в раннем возрасте. Это связано с тем, что у трети детей с ограниченными возможностями инвалидность связана с врожденными патологиями.

Поэтапно внедряется аудиологический скрининг для новорожденных детей во всех регионах Казахстана, охват новорожденных аудиологическим скринингом в 2013 г. составил порядка 85%. Это позволило выявить более 1,9 тыс. детей с различными нарушениями слуха и предпринять в отношении их меры раннего медицинского реагирования.

- Принимаются меры по повышению качества лечения, в т.ч. социально значимых заболеваний.

- Принимаются меры по предупреждению профессиональных заболеваний и снижению производственного травматизма.

В I квартале т.г. среди инвалидов трудоспособного возраста доля лиц, у которых инвалидность вызвана производственным травматизмом, составила 1,4%. Это во многом связано с занятостью во вредных и особо вредных условиях труда. В таких условиях до сих пор работают более 300 тыс. человек, в т.ч. 74 тыс. женщин.

- Следующее - это совершенствование мер по проведению медико-социальной экспертизы или установлению степени ограничения жизнедеятельности. В настоящее время медико-социальная экспертиза проводится 126 отделами МСЭ и ежегодно их услугами по установлению инвалидности охватываются порядка 200 тыс. человек.

Совместно с Министерством здравоохранения будет рассматриваться вопрос о внедре-

нии Международной классификации функционирования, ограничений жизнедеятельности и здоровья (МКФ). Она является классификацией всех обстоятельств, которые связаны со здоровьем и используется в таких областях, как страхование, социальная защита, трудоустройство, образование, экономика, социальная политика, законодательство и гигиена.

• Следующим важным аспектом в обеспечении прав инвалидов является формирование адекватной системы их социальной поддержки. Речь идет о мерах по улучшению материального обеспечения, совершенствованию системы реабилитации, медицинского и социального обслуживания.

Сегодня, с учетом индивидуального неблагополучия инвалидов, принимается ряд мер.

1. В рамках многоуровневой системы социального обеспечения выплачиваются государственные социальные пособия (в т.ч. введенное с 2010 г. социальное пособие лицам, воспитывающим детей инвалидов) и социальные выплаты из ГФСС и страховых компаний.

2. Предоставляется социальная помощь и поддержка в форме выплаты специальных государственных пособий из государственного бюджета и различных видов поддержки на местном уровне. Инвалиды получают комплексную поддержку и помощь в бытовом обслуживании, оформлении необходимых документов для получения полагающихся льгот и пособий.

3. Для повышения эффективности реабилитации инвалидов начата реформа системы социального обслуживания в соответствии с Законом «О специальных социальных услугах».

Еще одним важным условием социальной интеграции лиц с ограниченными возможностями является профессиональная реабилитация - меры обеспечения доступности общего и профессионального образования, содействия продуктивной занятости как важнейшего источника трудовых доходов. Это тем более важно, что основная часть инвалидов находится в трудоспособном возрасте.

За последние три года по квоте для инвалидов в высшие учебные заведения приняты более 680 человек и еще 1146 инвалидов в организации ТИПО. Ежегодно в вузах и колледжах страны обучаются порядка 2800 инвалидов.

Многим из них за счет средств местных бюджетов предоставляется льготное стипендиальное обеспечение.

За период реализации Дорожной карты занятости 2020 (2011-2013 гг.) из 478 инвалидов, направленных на профессиональную подготовку и переподготовку более половины нашли постоянную работу. Еще 117 инвалидов прошли обучение основам предпринимательства.

К 2015 г. в Казахстане планируется сформировать безбарьерную школьную среду примерно для 20% школ.

Впервые в истории нашей страны в целях улучшения и повышения качества образования в рамках Государственной программы развития образования на 2011-2020 гг. из государственного бюджета выделены средства на оснащение учебных мест для 9000 детей с ограниченными возможностями обучающихся на дому. Это приобретение компьютеров, вспомогательных технических средств и подключение к сети Интернет. Поэтапно все дети-инвалиды, обучающиеся на дому, будут обеспечены в течение 3-х лет.

Большая работа проводится по оснащению специальным оборудованием специальных коррекционных школ. Так, 43% специальных организаций образования, оснащены дорогостоящими мультимедийными образовательными системами (Eduplay, Multikid, Sound beam), стимулирующими познавательное развитие детей с ограниченными возможностями.

Не вызывает сомнения особое значение в реабилитации и интеграции инвалидов доступной занятости.

В общей численности инвалидов в РК 65,6 % лица трудоспособного возраста, а из них более 47 % - те, у кого ограничение возможностей не препятствует продуктивной занятости.

В настоящее время в правовом поле для трудоспособных инвалидов не существует ограничений на трудоустройство. Однако практически количество занятых инвалидов составляет в последние годы не более 82 тыс. человек, или 43,5% от числа инвалидов, сохранивших трудоспособность. Содействие занятости для инвалидов жизненно важно и с позиции развития и реализации трудового потенциала, и с позиции получения трудовых доходов. Но, с другой стороны, так же очевидно, что работодателю нуж-

ны полноценные работники, не требующие дополнительных вложений для оборудования специального рабочего места или работающие по особому режиму рабочего времени.

В этой связи основными механизмами содействия трудоустройства инвалидов остается:

- направление на социальные рабочие места, в случае наличия у работодателя специальных рабочих мест;

- поддержка организаций, создаваемых общественными объединениями инвалидов, производящих товары, выполняющих работы, оказывающих услуги. На сегодняшний день в Казахстане функционируют 33 учебно-производственных предприятия общества слепых и 18 - общества глухих, где постоянно работают порядка 4 тыс. инвалидов.

В текущем году подготовлены региональные карты трудоустройства инвалидов, в соответствии с ними ожидается трудоустройство около 6600 инвалидов.

Преференции в области государственных закупок позволяют не снижать объем производства, сохранять рабочие места и обеспечивать трудовые доходы дополнительно к получаемому социальному пособию по инвалидности.

Сложившаяся ситуация требует принятия неотложных мер в сфере занятости инвалидов. С этой целью:

1) в разрабатываемом проекте закона предусмотрены механизмы поддержки работодателей как открывающих специальные социальные рабочие места для инвалидов, так и создающих условия работы для инвалидов;

2) в рамках реализации второго этапа Плана мероприятий по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов предусмотрен пересмотр механизма квотирования рабочих мест для инвалидов;

3) внесены изменения в ЗРК «О государственных закупках» в части расширения возможностей общественных организаций, созданных инвалидами, на рынке труда через предоставления им права на производство тифлотехнических средств, специальных средств передвижения, обязательных гигиенических средств;

4) контингент участников ДКЗ 2020 расширен и включает инвалидов, для которых предусматривается профессиональное обучение с

дальнейшим трудоустройством, предоставление микрокредита на открытие или расширение собственного дела в сельской местности, организация добровольного переезда в центры экономического роста в рамках потребностей работодателя.

Для преодоления ограничения жизнедеятельности, обеспечения равенства прав и возможностей во всех сферах социальной жизни: труде, отдыхе, образовании, социально-бытовом обслуживании инвалидам должны быть созданы условия для доступа к объектам социальной инфраструктуры, транспорта, связи и информации.

Работа по созданию доступной среды является одним из приоритетов на первом этапе реализации Плана мероприятий по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012-2018 годы.

Расширение перечня транспортных услуг предоставляемых инвалидам, имеющим затруднения в передвижении.

Разработка технического задания по созданию Карты доступности объектов. Это будет автоматизированная база данных о состоянии доступности приоритетных объектов социальной инфраструктуры.

Продолжается приемка в эксплуатацию зданий, не оборудованных согласно стандартам для перемещения людей с ограниченными физическими возможностями. В новых зданиях нет тактильных дорожек и поручней для инвалидов по зрению. Практически нет специальных пандусов, параметры которых позволяли бы использовать коляску без риска опрокинуться. Нет подъемных устройств для колясочников. Наконец, нет простейших звонков, с помощью которых неходячий инвалид мог бы вызвать помощников, чтобы попасть в здание. А ведь для того, чтобы сразу, на этапе проекта, заложить все эти стандарты для инвалидов в строительство здания, не нужны особые затраты. Другое дело, когда начинаются переделки в уже готовом здании. Это уже совсем другие средства.

Сейчас много говорится об инклюзивном образовании. Учителя-энтузиасты, внедряющие новые подходы, фактически взваливают на себя обязанности по разработке методических материалов, по дополнительным урокам. По данным МОН РК, с 2011 по 2013 год почти в

полутора тысячах школ должны были быть созданы условия для инклюзивного образования. Планы хорошие, но стандарты по инклюзии не отработаны, надбавок для учителей еще нет, технически большая часть школ не готова к приему таких детей. Инклюзия - это гарантии трудоустройства инвалидам и стимулы для работодателей. Это формирование принципов работы социальных лифтов.

Государство продолжает увеличивать финансовую поддержку людям с ограниченными возможностями. В 2014 г. сумма выплат составила 153, 4 млрд тенге. Это ГСП (государственные социальные пособия), СГП (специальные госпособия), бесплатные виды услуг. Рост этих социальных выплат необходим и жизненно важен. Но выплаты повышаются механически. В их основу необходимо закладывать социальные стандарты, основанные на обоснованной и финансово обеспеченной величине прожиточного минимума.

Эволюционное реформирование социальной политики Казахстана осуществляется на основе последовательного и ответственного стремления достижению баланса интересов государства, работодателей и граждан.

Основным приоритетом социальной политики страны является улучшение качества жизни

населения на основе трудовой мотивации, содействия продуктивной занятости и обеспечения адекватного уровня социального обеспечения и социальной поддержки всех слоев населения.

В области высшего образования каждое учебное заведение могло бы обеспечивать ежегодно несколько мест для безвозмездного обучения лиц с ограниченными возможностями для получения ими нужной специальности. Это могла бы быть одна специализированная студенческая группа по той или иной специальности, где ППС согласились бы преподавать без оплаты труда. Именно в нашем университете в бакалавриате обучают очень удобным для инвалидов специальностям: бухгалтерский учет и аудит, экономика, финансы, информатика, где не нужны особые физические данные и это в основном «сидячие» профессии.

Призываем всех и каждого в отдельности: не будьте равнодушны и безучастны к проблемам лиц с ограниченными возможностями; не только государство несет ответственность за них, но и наше общество, т.е. мы с вами. Пусть будет им комфортно и радостно жить в стране, где гуманность, толерантность, сопереживание есть главная характеризующая казахского народа.

Литература

1. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана. «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».17 января 2014 г.
2. Назарбаев Н.А. «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда», 10 июля 2012 г.
3. Закон РК от 13 апреля 2005 г. №39 «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан».
4. Постановление Правительства РК от 27 июня 2001 г. №886, «Концепция социальной защиты населения Республики Казахстан».
5. III Международная практическая конференция «От социальной защиты - к социальному прогрессу», 20 мая 2014 г.

Түйін

Мақалада автор еліміздегі мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, әлеуметтік бейімдеу және қоғамға етене араласу мәселелерін көтереді, мүгедектердің әлеуметтік және экономика құқықтарын, өмір сүру сапасын жақсартудағы мемлекеттің іс-шаралары көрсетілген.

Summary

In this article, the author touches upon the problems of social defence of invalids (the persons of disability). Nowadays, in Kazakhstan the state pays great attention to this problem, guarantees their interests and standarts of living.

*Л. Омарова,
аға оқытушы, философия магистрі
ҚазЭҚХСУ*

ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДА ЕРКІНДІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРАЛУЫ

Еркіндік ұғымы адамға тән қасиеттердің бірі. Адам бар жерде еркіндік мәселесі бірге болады. Еркіндік ұғымы адамның өзін сезінуіне, өз болмысына өзінің ие екендігін сезінуіне тірек бола алады. Сондықтан, адам бар жерде еркіндік мәселесі мәңгілік философиялық құндылық.

Негізгі ұғымдар: доктрина, эмпирика, диалектика.

Адамзаттың жинақтаған рухани қазынасында философиялық ой кешудің мәні терең. Философияны толғандыратын мәселелер қатарының ауқымы шексіз. Даналық ой ағымы дүниенің барша қыр-сырына өз тұрғысынан қанық болғысы келеді. Сондай мәселелер қатарына еркіндік идеясын да жатқызуға болады. Адам баласы сонау Адам ата мен Хауа анадан өмірі басталып, өзінің ұзақ ғұмыр кешуінде әрдайым осы мәселемен, яғни еркіндік түсінігімен ұшырасып отырған десек, артық айтпаған болар едік. Ықылым замандардан бері қаншама қатығыстар мен соғыстарда құрбан болған бір ғана игі мақсат - еркіндікке ұмтылғаны аян.

Философия тарихында да еркіндік мәселесінің орын алуы сонау ерте замандардан басталады. Дана ойдың иелері барша адамға ғана қатысты ерекше қасиеттерді қарастыру барысында бұл мәселені де еш тастамаған.

Алдымен, еркіндіктің өзі туралы тарамдап айтып алған жөн болар. Осы бір сөзді естігенде ең алдымен еркіндіктің саяси маңызына бірден назар аударамыз. Еркіндік осы тұрғыда өте өзекті әрі қажетті болып табылады. Саяси тұрғыдан алғанда ол еркін қоғам, адамдарға лайықты өмір қамтамасыз ететін еркін әлем. Адам ертеден бері еркіндік армандаумен ғұмыр кешіп келеді. Оның түсінігіндегі еркіндік біреудің үстемдігінсіз және зорлықсыз өмір сүру мен еңбек ету, мұнсыз ол өзін тұлға ретінде қабылдай алмайды. Еркіндік ұғымы бұл тұрғыда тәуелсіздікпен жалғасып кетеді. Әркімнің өзімен-өзі болуы және әркез әрекет етуі, бостандықтың саяси жүйесі демократияның нақты қоғамда өмір сүруі дегеніміздің өзі бір

орталыққа бағынуды, шоғырландыру, топтасуды, басқа біреумен байланысқа түсу дегенді білдіреді, яғни абсолютті еркіндіктің болуы мүмкін емес. Саяси еркіндіктің нәтижесі демократия болып табылады. Қазіргі кезде жер бетіндегі өркениет көшіне ерген елдердің мақсат етіп отырған күрделі саяси жүйесі - демократия осының көрінісі болмақ.

Демократия - индивидтің толық дамуы үшін экономикалы, саяси, мәдени жағдай жасайтын жүйе.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, толық демократиялық қоғам мүмкін емес, бірақ осы жүйенің қағидаларының сақталуына үнемі қадам жасап отыру қажет. Сондықтан да, еркіндік мәселесі сөз болғанда, өркениетті қоғам тұрғысында ол өзінше сипат алатындығын көріп отырмыз, яғни еркіндік дегеніміз ешқашан да бетімен кету емес, белгілі бір адам қалаған әрекеттерін жүзеге асыра алу мүмкіндігі болса керек.

Осы ретте F. Есімнің мынадай сөздерін келтіре кетуге болады: «Еркіндік - саясаттан биік ұғым. Еркіндіктің шын болмысын ізгілік пен парасат арқылы түсіндірген абзал. Еркіндік деген әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес, өз еліне деген тәуелділік санасы болса керек» [1].

Саяси еркіндікпен тығыз байланыста болатын экономикалық тұрғыдағы еркіндіктің көрінісі бар. Бұл дегеніміз, өз бетінше өндірісті дамытып, ешкімге материалдық жағынан тәуелсіз болу арқылы өз саясаттарын іске асыру.

Еркіндікті тек саяси мәнімен шектесек қателескен болар едік. «Еркіндік саясаттан биік ұғым» деп айтып өткендей, енді оны адам тұрғысынан қарастырып көрелік.

Әлемдік философия тарихы қаншама кезеңді, қанша дана ой иелерін өз бойынан өткізгенімен де, еркіндік мәселесі бағзы заманнан бүгінгі таңға дейін маңызды мәселелер қатарынан ойып өз орнын алған.

Адамзаттың ерте замандардан бері тілеген арманы бар, ол - еркіндік. Адам саналы тіршілік иесі ретінде жануарлар әлемінен лайықтылық сезімі арқылы бірден көрініп шықты. Адам лайықтылықты өз болмысының маңызды бөлшегі ретінде санайды, ал бұл белгілі бір әрекеттер еркіндігінсіз мүмкін емес. Адам өзін еркін сезінгенде өзін өмірдің қожасы ретінде қабылдайды, мұнсыз ол жеке тұлға ретінде белсенділік таныта алмай қалады. Адам оған қанша ұмтылғанымен де, абсолютті еркіндік бұл өмірде жоқ. Міне, нағыз шындық осы! Алайда, адам үшінші еркіндікті іздеуде.

Даналық ой ағымы тарихында еркіндік мәселесін байыптағандардың бірнешеуіне тоқталып кетейік.

Негізінен, тарихқа ашық түрде еркіндік «Әрекет етуге бөгет жасамаңдар!» деген ұранман буржуазиялық төңкерістер нәтижесінде XVII-XVIII ғғ. енген болатын. Бұдан бұл ұғым қарастырылмаған деген түсінік тұмауы тиіс, әрине. Жүйелі түрде осы кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін шолу жасап көрейік.

Ағылшын философы Т. Гоббстың пікірінше, еркіндік дегеніміз адамдардың өз ойымен және өз түсініктері бойынша істеуіне болатын әрекеттерді атқару барысында сырттан кедергілердің болмауы. «Еркін адам болу дегеніміз не?» деген сұраққа мынадай жауап аламыз: «Өзіндік және кең тараған мәніне сай еркін адам - өзінің табиғи ақыл қабілеттеріне қарай өз қалағанын жүзеге асыруға сырттан кедергі жасайтын ешнәрсе жоқ тұлға. Мұны тірі тәнге емес, заттарға қолданылатын болса, ол теріс, себебі қозғалысқа қабілеті жоқ нәрсе кедергіге де кездестіре алмайды, ерік еркіндігі дегенмен, адам еркіндігін түсінеміз» [2].

Гоббстың көңіл аударатын тағы бір қыры - еркіндік пен қажеттіліктің үйлесе алатындығы. Еркіндік пен қажеттілік үйлесе алады. Мысалы, өзеннің суының өз арнасымен ағуы тек қажеттілік емес. Еркіндік те сондай үйлес адамдардың ырқымен жасаған істерінен де көреміз. Негізінде, ерікті әрекеттер адамдардың ырқынан, ал ырық еркіндіктен, адамдардың ырқынан

әрбір тілек және талпыныс белгілі бір себептен, себептер тізбегінен болғандықтан оның бәрі қажеттіліктен туындайды. Осы байланыстарды көре алатын адамға адамдардың еркінсіген әрекеттердің қажеттілігі айқын болар еді. Бәрін көріп, бәрін реттеп отырған құдай адамдар қалаған нәрсесін істеп жатқанда да содан қажеттілікті, құдайдың өз қалағанының болып жатқанын да көреді. Адамдар құдайдың қаламаған да көп нәрселерін істейді, бірақ оған құдай жауапты болмаса да, адамдарда еш нәрсеге құштарлық та, құмарлық та құдайдың ырқысыз болмас еді. Егер де құдайдың ырқы адам ырқының және сол ырықтан шығатынның бәрінің қажеттілігін қамтамасыз етпеген болса, онда адамның еркіндігі құдайдың құдіреттілігіне және еркіндігіне қайшы келіп, кедергі болар еді. Осыдан бірден-бір еркіндік деп түсінілетін табиғи еркіндік жөнінде түсінік алуға болады.

Т. Гоббстың осы мәселені баяндайтын «Еркіндік және қажеттілік туралы» деген еңбегі де бар.

Ағылшын философы әрі психологы Д. Юмның ойлары да өзіндігімен қызықты. Юмның пайымдауынша, қиынсыздықтарға қарамастан осы уақытқа дейін еркіндік доктринасының басым келгенінің үш негізін көрсетуге болады.

Біріншіден, бір әрекет жасағаннан соң, соны белгілі бір мақсаттар мен қулықтардың ықпалымен атқарғанымызды мойындасақ та, өзімізді қажеттілік басқарғанын, бізге тіпті басқаша әрекет ету мүмкін болмағанын мойындау қиын, себебі қажеттілік идеясында бір күш, зорлық, мойындату идеяларына сілтеушілік бар, ал олардың барлығын біз сезбейміз. Философиялық мектептерде айтылып жүрген өз қалауының еркіндігі мен селқостықтың еркіндігін ажырата алатындар өте аз. Зорлық пен күштеуге қарсы қажеттілік пен себептіліктерді теріске шығаратын еркіндік.

Екіншіден, материяның немесе рухтың белгілі бір қозғалысының қажеттілігі - сол агенттің өзінің сапасы емес, сол қозғалысты барлап тұрған белгілі бір ойлай алатын зерлі мақұлықтың қасиеті, бұрынғы болған объектілерден осы қозғалысқа ауысуға ойды мойынсұндыру. Екінші жағынан еркіндік немесе кездейсоқтық дегеніміз мойынсұнулардың жоқтығы немесе бір объектінің идеясынан екінші объектінің идеясына ауысу не ауыспауға біздің белгілі дәреже-

дегі селкостығымыз. Адамдардың іс-әрекеттерін барлай отырып, біз ондай еркіндікті, селкостықты сирек сеземіз, бірақ іс-әрекеттердің өзінде біз оны жиі сеземіз. Ал өзара байланысты және ұқсас объектілерде бір-бірімен оңай шатастыратын болғандықтан, олар еркіндіктің бар екендігіне көрмелі құрам немесе интуициялық дәлел ретінде пайдаланылады. Істеріміз көбінесе ырықтық билігінде екенін біз сеземіз, ал санамызда ырықтың өзі ешнәрсенің билігінде емес деген әсер қалады.

Үшінші себеп, басқа доктриналарға қарағанда еркіндік доктринасын жақсырақ қабылдау дінге байланысты. Бірақ дінді бұл мәселеге бекер араластырады [3].

Мен қажеттілікті ұқсас объектілердің тұрақты байланысымен, бірігуімен немесе біздің рухымыздың бір объектіден екінші объектіге ауысуы, өтуімен бірдей деп қараймын. Ал қажеттіліктің адам ырқына тән екендігі ашық айтылмаса да, философияда жалпылай мойындалып келді. Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы И. Канттың еркіндік туралы айтқанына көз жүгіртсек.

Барлық адамдар өз ырқында еркінбіз деп ойлайды. Болмаған іс-әрекетті болуға тиіс еді деп пайымдайтынымыз осымен түсіндіріле алады. Сонымен қатар бұл еркіндік эмпирикалық ұғым емес, олай бола да алмайды, өйткені қашан да сақталып отырады. Солай болса да, еркіндік бар деп қабылдағаннан шығатын қажетті талаптарға тәжірибеден шығатын көрсеткіштер қарама-қарсы. Екінші жағынан, болып жатқан нәрселердің табиғат заңдарымен болуы қажет және бұл табиғи қажеттілік те тәжірибенің ұғымы емес, оның себебінің өзі сол қажеттілік ұғымының болуында, яғни қажеттілік априорлық танымның ұғымы. Бірақ табиғат туралы осы ұғым тәжірибеде дәлелденеді және егер тәжірибе, яғни басқаша айтқанда сезім заттарын танып, жалпы заңдарға сәйкес бір-бірімен байланыстыру мүмкін нәрсе деп қаралған жағдайда, ол ұғым зердеде міндетті түрде бар деп болжалуға тиіс. Сондықтан да, объективтік шындық екендігі беймәлім еркіндік - зерденің идеясы, өзінің шындық екенін, бар екендігін дәлелдейтін және тәжірибенің мысалдарында дәлелденуі қажет табиғат пайымының ұғымы.

Бұдан белгілі бір зерденің диалектикасы

туады, себебі ырыққа қатысты, оған тиісті еркіндік табиғи қажеттілікке қайшылықта екендігі шығады және жол айырығында зерде спекулятивтік тұрғыдан табиғи қажеттіліктің жолын еркіндікпен салыстырғанда әлдеқайда топталған да, жүруге де ыңғайлы деп қараса да, практикалық тұрғыдан еркіндіктің өмір сүрмеуі біздің характерімізде зердені қолданудың жалғыз мүмкін жері, сондықтан да дәлелдерін ең нәзік өрнектей өретін философияға да ең қарапайым еркіндікті ығыстыруы мүмкін емес. Олай болса, философия адамдардың әрбір характерінің еркіндігі мен табиғи қажеттілігі арасында нағыз қайшылық жоқ деп болжам жасауы керек, себебі ол еркіндік ұғымынан қалай бас тарта алмайтын болса, табиғат ұғымынан да дәл солай бас тарта алмайды. Егер еркіндік туралы өзіне-өзі және дәл сондай қажет табиғатқа қайшы келіп тұрған болса, онда табиғи қажеттілікпен салыстырғанда адам бас тартуға тура келер еді. Бірақ, егер өзін еркінмін деп есептейтін субъект бір харекет қакында еркінмін деген кезінде де, табиғаттың заңдарына тәуелдімін деп мойындаған шақта да өзін бір мәнде және бір қатынаста ойластыратын болса, аталған қайшылықтан құтыла алмайды [4].

Сондықтан философияның кейінге қалдыруға болмайтын міндеті - аталған қайшылық жөніндегі оның адасушылықтарының себебі - біз адамды еркін деп қараған кезде оны бір мағынада және қатынаста ойластырамыз да, ал оны табиғаттың заңдарына бағынатын бір бөлігі дегенде екінші мағынамен қатынаста ойластырамыз және осы екі түрлі мағына мен қатынастар бір-бірімен тек болмақ емес, бір субъектіде қажетті байланысқан деп те ойластырылуы керек.

Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі Гегель еркіндік мәселесін айналып өтпеген. Оның ойынша, қажеттіліктің ақиқаты - еркіндік. Қажеттілікті әдетте қатал деп сипаттайды, егер одан әрі оның мәніне енбесе, оның тікелей формасынан аспаса, ол шынында солай. Тікелей не абстрактілік қажеттіліктің қаталдығы - осы бір-бірімен байланысты екі мазмұн бір-біріне жат еместігі, олардың бір бүтіннің әр түрлі моменттері, ол моменттердің екінші жағынан өз-өзінде қала беретіндігі, яғни өзі-өзімен байланысқандығы ашылады. Бұл қажеттілікті еркіндікке айналдыру, енді ол қажеттілікті

тек теріске шығаратын абстрактілі еркіндік емес, нақты, мазмұнды еркіндік. Осыдан қажеттілік деп еркіндікті бір-біріне алаңсыз қарсы қоюдың қаншалықты жалаң екендігін түсіне аламыз. Әрине, қажеттілікті өзімен-өзін қарағанда, ол еркіндік емес, бірақ еркіндіктің негізі қажеттілік, ол қажеттілікті өзгерте отырып, бойына сіңіреді. Адамгершілікті адам өз қызметінің мазмұнын өзіне дербес қуаты бар қажеттілік деп қарайды, бұдан оның еркіндігіне еш қиянат келмейді, қайта осылай түсінудің нәтижесінде оның еркіндігі шын әрі мазмұнды еркіндік болады, оның мазмұнсыз еркіндікке айналуы тек мүмкіндік дәрежесіндегі, шынында, таза оның өз ісінің көрінісі. Ол одан тыс жат күш емес, егер ол осыны мойындаса, ол өзін еркін адам етіп көрсетеді. Өзін толығымен абсолют-

тік идеямен анықталатынын білгенде ғана адам ең биік дербестікке ие болады [5].

Мінекей, сонымен, әлемдік философия тарихында арттарына өшпес із қалдырған бір-қатар озық ойдың өкілдерінің еркіндік атты, бір қарағанда қарапайым ғана, ал екінші жағынан маңызды, тағы бірде қызық, сонымен қатар күрделі мәселені қалайша пайымдағандарын қарастырдық. Қорыта келгенде, талдау жасау арқылы мынадай нәтижеге келуге болады: еркіндік ұғымы адамды өзін асқақ сезінуге және ең бастысы - өздігін сезінуіне мықты тірек болары сөзсіз.

Бұл мәселе өз дәуіріне байланысты біраз өзгешіліктерге ие болып отырғанымен, ұқсастықтары басым. Еркіндік адамға ғана тән қасиеттердің қатарында елеулі орын алады.

Әдебиеттер

1. Есімов Ғ. Сана болмысы. - Алматы, 1994.
2. Гоббс Т. Избранные произведения в 2-х томах. - М., 1964.
3. Юм Д. Сочинения 2-х томах. - М., 1965.
4. Кант И. Сочинения. Т. 4. - М., 1965.
5. Гегель В.Г. Энциклопедия философских наук. Т. 1. - 1975.
6. Алтаев Ж.А. Қасабеков А.Қ. Философия тарихы. - Алматы, 1994.

Резюме

Проблема свободы всегда связана с проблемой человека, т.е. свобода - одна из вечных философских проблем.

Summary

The problem of freedom is connected with a problem of the person and is one of eternal philosophical questions.



*М.А. Қантөреева, аға оқытушы, магистр
ҚазЭҚХСУ*

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕЛЕРДЕ БІЛІМДІ КӨРСЕТУ

Мақалада автор эксперттердің білім базасын қолданатын және қалыптастыруды қамтамасыз ететін жүйелерді қарастырады, бұл білім негізінде құралған және олар өзінің интеллектуалды қасиеттерін емес, эксперттердің білімін көрсетеді.

Негізгі ұғымдар: жасанды интеллект, эксперттік жүйе, интеллектуалды ақпараттық жүйелер, білімді ұсыну.

Жасанды интеллект - интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы туралы ғылым.

«Жасанды интеллект» сөзін алғаш рет 1956 ж. Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Д. Маккарти қолданған. Маккартиге сәйкес «жасанды интеллектіні» зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін адамдарда байқалмайтын интеллектіні зерттеуіне болады.

Өзінің анықтамасын түсіндіру барысында: «Әзірге біз бүтіндей қандай есептеуіш процедураларды интеллектуалды деп айта алатынымызды білмейміз. Сол себепті интеллект сөзін әлемде мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістердің есептеуіш бөлігін ғана түсініп жүрміз» .

Жасанды интеллектінің адамның ойлауын құрылымдау әрекеттерімен байланысты ғылыми бағыт ретінде ұзақ тарихы бар. Платон, Аристотель, Р. Декарт, Дж. Буль және т.б. да зерттеушілер өз білім деңгейлерінде ойлауды кейбір элементарлы операциялардың, ережелер мен процедуралардың жиыны ретінде сипаттауға тырысты.

Жасанды интеллектті зерттеудің кейінгі дамулары алпысыншы-жетпісінші жылдардағы зерттеулер бойынша оның өз бетінше екі бағытқа бөлінуіне әкелді. Осы бөліну осы уақытқа дейін сақталуда. Екі бағыттың да даму тенденциясын және айырмашылығын түсінбей, проблеманы дұрыс шеше алу мүмкін емес [1].

Адамдарды көптен ойландырып келе жат-

қан мәселелердің бірі - жасанды интеллект (интеллект - *ақыл, ой, сана* деген мағына) жүйесі. Жасанды интеллект жүйесі адамның ойлау қабілетін формальдандыру, адамның ойлауын модельдеу және олардың программалау мәселелерімен айналысатын информациялық жүйе. Жасанды интеллект информациялық жүйесі алға қойылған мақсат пен оны шешудің міндеттерін талдауға тиіс және өздігінен оқуға қабілетті жүйе болуы тиіс. Алғашқы кезде зерттеушілер жасанды интеллект жүйесімен адам «миы» жұмысының көшірмесі арқылы ғана құруға болады деп түсінді. Ол үшін арнайы нерв клеткалары мен олардың өзара күрделі байланысын модельдеуші электронды жобалар құрылады. Зерттеушілер ми жұмысын модельдеу арқылы бір-бірімен миллиондаған байланыста болатын, 200-250 мыңға жуық қарапайым микропроцессорлар қолданылатын электронды жүйелер құруда үлкен жетістіктерге жетті. Мұндай жүйелер арқылы оқуға қабілеттілік сияқты «ойлау операцияларының» шешімін табуға болатынына көз жеткізді.

Зерттеулер барысында электронды жүйелердің әріптер мен дыбыстар арасындағы байланысты түсінгенімен, анасының түрін танытын нәрестенің шеше алатын «ойлау есептері» секілді мәселелер алдында дәрменсіз екендігі айқындалды. Зерттеу жұмыстары жалғаса берді [2].

Бұл жұмыстар неғұрлым көп зерттелген сайын, соғұрлым адам миының күрделілігі

айқындала бастады. Енді жасанды интеллектіні зерттеушілер зерттеудің басқа да жолдарын іздестірді. Мысалы, дәрігердің алдымен адамның ауруы жайлы жан-жақты информация алып, содан соң ғана диагноз қоятыны секілді, адам миының шығармашылық жұмысты орындау барысындағы әсерлерін бақылау жұмыстарын жүргізді.

Зерттеулер нәтижесінде жасанды интеллектіні құруда күрделі «ойлауды» қамтамасыз ететін экспертті жүйелер, оқыту, кескінге талдау жасау, автоматтандырылған программалау жүйелер секілді кешенді программалар жүйесі жасалады. Эксперттік жүйені халық шаруашылығының барлық саласына қолдану кеңінен зерттелді. Бұл жүйе ғылым мен экономика саласында күрделі талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, барлық эксперттік жүйелерді біріктіріп, тұтас-интегралды жүйеге келтірудің тиімді болатыны анықталады.

Енді бұл жүйенің білім беру саласындағы қолданыстарына тоқталайық.

Оқыту жүйесі - білімнің қандай да бір аймағын немесе белгілі бір пәнді оқытуда жинақталған тәжірибелі оқытушылардың оқыту әдістерін талдаудан құралады. Осы оқыту әдістері арқылы электронды машинаның бір тілде құралған оқыту әдістері жүйесі пайда болады [3].

Білімді көрсетуді интеллектуалды ақпараттық жүйелерді зерттеу бағыты секілді қарастыру. Осы бағыттың шеңберінде интеллектуалды жүйе (ИЖ) жадысында білімді көрсету және нысандандыруға байланысты мәселелер шешіледі.

«Білім» сөзіне түсінік беруде түсіндірме сөздікте екі анықтама кездеседі. Біріншісінде, білім негізіне ғылыми көзқарасты алып, оны «таным нәтижесі» деп қарастырады. Екіншісі, білім негізіне пайымдаудағы логикалық тізбектілікті қойып, білімді бірыңғай ұйымдағы пайымдаудың объективті заңдылық жүйесі негізінде қарастырады.

Білім - адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т.б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылыми

және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген.

Біріншіден «білім» және «мәлімет» терминіне анықтама берейік. Бұл тапсырманың күрделілігі келесіде: бұл терминді жалпы қолдануда олардың синонимділігін байқаймыз.

Мәлімет - ақпаратты өңдеу, қабылдау, жіберу, сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілі бір тасымалдаушыда және белгілі бір жүйеде берілген ақпарат. Сақтауды және жіберуді ескермесек, мәліметтерді абстракциялау субстанция ретінде қарастыруға болады, олар кейбір ақпараттарды тасиды.

Білім - белгілі бір тапсырмаларды шешуге адамдармен пайдаланылатын жалпы практикада тексерілген қажетті мәліметтер.


Екінші бір анықтамасы - білім автоматизацияның және коммерцияның объектісі, мамандармен дайындалған, талап етілетін тапсырмаларды шешуге арналған логикалық толық шектеулі мәліметтер жиыны болып табылады [4].

Мұндай мәлімет өндірісте немесе ғылыми облыста кеңінен көрсетілген және стандартты болады. Шектеулі жиынның мамандарды дайындау деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Үшінші анықтамасы - білім бұрын болған белгісіз мәселелерді шешу үшін қолданылатын ақпарат болып табылады. Бұл анықтаманы білім қасиеттеріне жатқызуға болады, бірақ ортақ анықтамаға келмейді.

Интеллектуалды ақпаратты жүйелер мен білім инженериясы тұрғысынан білімді логикалық шешімдер көмегімен кездесетін мәліметтер негізінде түрлі шешім қабылдайтын ақпарат ретінде анықтауға болады.

Ал бірнеше пәндік облыстардағы есептерді шешу тұрғысынан білімді деректер мен эвристикаға бөледі. Деректер арқылы осы пәндік облыста жақсы таралған жағдайлар суреттеледі, ал эвристикада сарапшының тәжірибесіне негізделіп, шешім шығарылады. Одан басқа білімді деректер, ережелер мен мета-білімдерге, яғни білімдерді қолдану түрлері мен білімнің ерекшеліктеріне байланысты бөліп жіктейді (1-сурет).



Сурет. Интеллектуалды АЖ жобалау кезеңі

Білімді көрсету - ЭЖ-нің тағы бір функциясы. Білімді көрсету теориясы - когнитивті психология мен формализм философиясымен тығыз байланысқан жеке зерттеу облысы. Бұл облыстың зерттеу құралы - адам миындағы ақпараттарға ұқсас мәліметтерді сақтау амалы. Сонымен қоса негізгі көңіл процестің биологиялық емес логикалық бөлігіне бөлінеді.

Білімді көрсетудің негізгі бөлігі - адам тілінің әртүрлілігінің семантикасын стандарттау. Мысалы, бірнеше сөйлемдер: «Сэм - Биллдің әкесі», «Биллдің әкесі - Сэм», «Биллдің әкесі Сэм болып табылады». Бұл сөздердің барлығы бір мағынаны береді. Машиналық ойлауда біз адам тіліне қарағанда формалардың орналасуының жеңіл әдісін іздейміз, яғни бірдей сөздері бар сөйлемдердің формалары да бірдей болу керек. Мысалы, жоғарыда көрсетілген сөздер мынадай формада болады: әке (Сэм, Билл).

Семантикада бұл мағына айрықшаландырылған болуы тиіс, яғни бірінші атасының аты, екінші ұрпағы. Жетпісінші жылдары білімді көрсету облысында адам ойының жұмыс істеу принципін ашуға бағытталған еді. Кейбір теориялар нәтижесіне жетуде түсінікті байланыстыру әдістерін модельдейтін компьютерлік программалар жасалды.

ЭЖ-нің білімді көрсету облысы бізге қажетті ақпараттардың үлкен массивін формальды суреттеу амалдарын іздеу құралы ретінде

және оларды символикалық есептеу көмегімен өңдеу мақсатында қызықтырады.

Формальды суреттеу. Кез келген бір тілдің шегінде сөйлем құрылуын синтаксисті формальдау мүмкіндігіне ие болатын және сөйлем мағынасын оның формасымен байланыстыратын семантикалық деңгей болатынын білдіреді.

Символикалық есептеу символдық, символдық құрылымы бар және олардың арасындағы қатынастарды, түрлі тұжырымдарды көрсету үшін құрылымдаушы сандық емес операциялардың орындалуын білдіреді.

ЖИ облысында тілдерді көрсетуді құру жұмысы жүруде. Бұл терминде компьютерлік тілдер түсіндіріледі.

Білімді көрсетуге негізгі рұқсат критерийлері: логикалық тепе-теңдік, эвристикалық қуат және нотацияның табиғилығы мен шектеулігі.

- Логикалық тепе-теңдік бастапқы барға мәліметке қосылатын түсініктердің барлық ерекшеліктерін тани білу мүмкіндігіне ие болу керектігін білдіреді.

- Эвристикалық қуат - құрылымдаушы және түсінік беруші амалдарды қолдану көмегімен мәселені шешетіндей тілдерді көрсетуді білдіреді. Көп мүмкіндіктерге ие, тіл мәселені шешу процесінде өзара байланыс сипатын басқаруда өте қиын әсерін тигізеді. Көп жағдайда эвристикалық қуат шешім бойынша қарасты-

рылады, яғни нақты жағдайда қажет білімді көрсетуде қаншалықты жеңіл әсерін тигізуіне байланысты.

• Нотация тіршілігін жүйенің жақсы жағы деп айтуға болады. Себебі ЭЖ-лер базасында құрылған көптеген қосымшалар білімнің үлкен көлемде жинақталуын қажет етеді. Егер бейнелер тіліндегі келісулер өте күрделі болса, мұндай тапсырманы шешу өте қиын болады. Кез келген маман сипаттамалары бірдей жүйелердің қарапайым жұмыс істеуі жақсырақ болады деп айта алады. Білімдердің формальды сипаттамалары мүмкіндігінше қарапайым түрде жазылуы керек.

Осыған дейін тілдік деңгейіндегі білімдерді кодтауға жарамды келісімдер ұсынылған еді. Олардың ішінде мыналарды бөліп айтуға болады:

- тудырушы ережелер;
- құрылымдық объектілер;
- логикалық программалар.

ЭЕМ-да өңделетін ақпараттарда білімді көрсету *процедуралы және декларативті* деп бөледі. Процедуралы ақпаратты есептерді шешуге арналған программалар құрайды, ал декларативтіні осы программалармен жұмыс жасайтын деректер құрайды. Тәртіп бойынша ЭЕМ жадында ақпаратты стандартты формада машиналық сөз ұсынады. Қазіргі заманғы ЭЕМ-да деректер мен командаларды ұсынуда дәреже сандары бірдей машиналық сөздер қол-

